ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Наурзбай Нұралы Жалғабайұлы

Қосалқы станциялардың тарату құрылғыларының схемаларын талдау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101 - «Энергетика»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«___» ___06___2023ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетики
и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қосалқы станциялардың тарату құрылғыларының схемаларын талдау»

6В07101-«Энергетика»

Орындаған Наурзбай Н.Ж.

Пікір беруші
Шоғырландырылған құрылыс тау-кен компаниясының бас энергетигі
_____Е.А.Жолдыбеков
(колы)
«26» ___мая___2023ж.

Ғылыми жетекші
аға оқытушы
_____Р.Ш.Абитаева
(колы)
«13» ___маусыр___2023ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6В07101-«Энергетика»

«БЕКІТЕМІН»
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«16» 01 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы *Наурзбай Нұралы Жалғабайұлы*
Тақырыбы*: «Қосалқы станциялардың тарату құрылғыларының схемаларын талдау»*
Университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры бекіткен.
Бұйрық *№ 434-б «15» наурыз 2023 ж.*
Аяқталған жұмысқа тапсыру мерзімі *«19» мамыр 2023 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері: *100км, 80км, 110км, 120км, 80км, 105МВт, 120МВт, 125МВт, 110МВт, 130МВт желінің арақашықтығы және қуаттары берілген. Осы берілген мәндерге сүйене отырып электр торабын жобалау және қосалқы станциялардағы тарату құрылғыларының схемаларын талдау.*
Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны: *Электрлік қосалқы станцияларының тиімді схемасын таңдау; қуат шығындарын есептеу; шығындар арқылы есептік жүктемелерді есептеу; арнайы бөлім;*
Сызбалық материалдар тізімі: *Сызбалық материалдар слайдтармен көрсетілген.*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *18 атау.*

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	15.04.2023	жоқ
Арнайы бөлім	25.04.2023	жоқ
Экономика бөлімі	3.05.2023	жоқ

Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, А.Ә.Т. (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Негізгі бөлім	Р.Ш. Абитаева, аға оқытушы	13.05.2023	
Арнайы бөлім	Р.Ш. Абитаева, аға оқытушы	13.05.2023	
Норма бақылау	Ә.О. Бердібеков, магистр, аға оқытушы	15.05.2023	

Жоба жетекші _____ Р.Ш. Абитаева/
(колы)

Тапсырманы орындауға алған студент _____ Н.Ж. Наурзбай/
(колы)

Күні «18» 01 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы "Қосалқы станциялардың тарату құрылғыларының схемаларын талдау". Дипломдық жұмыста кернеуі 220 кВ электр желісін жобалау есебі жүргізілді.

Электр беру желілерінің алмастыру схемалары жасалды, қосалқы станциялардағы күштік трансформаторларының саны мен қуаты таңдалды, олардың параметрлері мен шығындары есептелді. Сымдардың қималары таңдалады және олардың параметрлері, қуат шығындары, кернеу шығындары есептеледі.

Тарату құрылғыларының схемаларының жіктелуі және оларға қойылатын негізгі талаптар, 220 кВ қосалқы станцияның негізгі тізбектерінің схемасы толығырақ көрсетілген. Құрама шиналары бар және құрама шиналары жоқ тарату құрылғыларының схемалары көрсетілген, оларды қолдану бойынша ұсыныстар берілген.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы «Анализ схем распределительных устройств подстанций». В дипломной работе произведен расчет проектирования электрической сети напряжением 220 кВ.

Построены схемы замещения линий электропередач, выбраны число и мощность силовых трансформаторов на подстанциях, рассчитаны их параметры и потери. Выбраны сечения проводов и рассчитаны их параметры, потери мощности, потери напряжения.

Более подробно представлена классификация схем распределительных устройств и основные требования к ним, схема основных цепей подстанции 220 кВ. Показаны схемы распределительных устройств со сборными шинами и без сборных шин, приведены рекомендации по их применению.

ANNOTATION

The topic of the thesis is "Analysis of substation switchgear schemes". In the thesis, the calculation of the design of the electrical network with a voltage of 220 kV was made.

Replacement schemes of power transmission lines were constructed, the number and power of power transformers at substations were selected, their parameters and losses were calculated. Wire sections are selected and their parameters, power losses, voltage losses are calculated.

The classification of switchgear schemes and the basic requirements for them, the scheme of the main circuits of the 220 kV substation are presented in more detail. Ьlchemes of switchgear with and without busbars are shown, recommendations for their use are given.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Негізгі бөлім. Электр тораптарын жобалау	10
1.1	Электр беріліс желісінің схемаларын құру нұсқалары	10
1.2	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	11
1.3	Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау	12
1.4	Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
2	Тұйықталған жүйені есептеу	19
2.1	Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері	19
2.2	Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу	20
2.3	Тұйықталған жүйе үшін желілердің қуат шығындары	25
3	Тұйықталмаған жүйені есептеу	27
3.1	Тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу	27
3.2	Тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары	30
4	Экономикалық бөлім	32
4.1	Техника-экономикалық есептеулер	32
4.2	Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар	32
4.3	Тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар	35
5	Қысқа тұйықталу тогын есептеу	38
5.1	Электр аппараттарын таңдау	40
6	Арнайы бөлім. Электр қондырғыларының тарату құрылғыларының схемаларына қойылатын негізгі талаптар	45
6.1	Тарату құрылғыларының (ТҚ) схемаларының жіктелуі	45
6.2	110-220 кВ тарату құрылғыларының ұяшықтары	46
6.3	Құрама шиналары бар кернеуі 6-220 кВ тарату құрылғыларының схемалары	52
6.4	Құрама шиналары жоқ кернеуі 35 кВ және одан жоғары тарату құрылғыларының (ТҚ) схемалары	63
	Қорытынды	66
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	67

КІРІСПЕ

КРУЭН – сыртқы қондырғының элегазды оқшаулағышы бар жиынды тарату құрылғысы. КРУЭН – күштік ажыратқыштың, айырғыштардың, жерге тұйықтау пышақтарының, ток трансформаторларының және кернеу трансформаторларының функцияларын біріктіре алатын көп функциялы жиынды ұяшықтардың (құрылғылар, блоктар, модульдер) негізгі атауы.

КРУЭН-ді көбінесе гибридті тарату құрылғысы (гибридті ТҚ) деп атайды, өйткені ол элегаз және ауа оқшаулағышы бар элементтерден тұрады (фарфор немесе полимер оқшаулағышы бар ауа кірістері). КРУЭН негізіндегі тарату құрылғыларының шиналары әдетте оқшауланбаған сымдарды немесе қатты шиналарды қолдану арқылы орындалады, ал кейбір жағдайларда КРУЭН ұяшықтары арасындағы байланыс элегазды өткізгіштерді қолдану арқылы орындалады.

КРУЭН-де негізгі жабдық оқшаулағыш және/немесе доға сөндіргіш орта ретінде қызмет ететін элегазбен (SF6) толтырылған металл бөліктерге салынған.

Элегаз (SF6, алтыфторлы күкірт, күкірт гексафториді) – түссіз және иіссіз газ, бес есе ауадан ауыр, улы емес, жанғыш емес, жарылғыш емес, жарылғыш қоспалар түзбейді, химиялық инертті қосылыс, физиологиялық зиянсыз. Оқшаулағыш орта ретінде элегазды (қысыммен) қолдану электр жабдықтарының көлемін едәуір азайтуға мүмкіндік береді, нәтижесінде тұтастай алғанда объектінің аумағында айтарлықтай азайтады.

КРУЭН-ді ашық тарату құрылғысы (АТҚ) мен жабық тарату құрылғысын (ЖБҚ) салыстырғанда. Жеке жабдықтар негізінде АТҚ және ЖБҚ-мен салыстырғанда КРУЭН-ді қолданудың негізгі артықшылықтары:

– жабдықтың шағын өлшемдері (ЖБҚ қосалқы станциясы үшін бөлме немесе объект үшін кішірек жер учаскесі қажет);
– суық климаты бар аудандарда ашық аспан астында орнату мүмкіндігі (температурасы –55°С дейін);
– жеткізу ыңғайлылығы (әдетте зауыттық сынақтарды ескере отырып, ең дайын күйде жеткізіледі);
– максималды монтаждау жылдамдығы (мысалы, PASS M0 модулінің қосылу жылдамдығы шамамен 16 сағатты құрайды);
– пайдалану кезіндегі ыңғайлылық (жөндеу жұмыстарының саны аз);
– ұзақ мерзімде пайдалану шығындары аз.

Жеке тұрған жабдық негізінде АТҚ және ЖБҚ-мен салыстырғанда КРУЭН қолданудың негізгі кемшіліктері:

– құрылыс кезіндегі үлкен бастапқы шығындар);
– арнайы құрылғыларды қолданбай-ақ, ажыратқыштың контактілерінің ашық екендігін көзбен көруге болмайды.

1 Негізгі бөлім. Электр тораптарын жобалау

1.1 Электр беріліс желісінің схемаларын құру нұсқалары

Әр түрлі объектілердің жұмыс жағдайларының әртүрлілігі олардың қоректену схемасының әртүрлілігін анықтайды. Тұтынушыны электрмен жабдықтау схемасы энергия көзіне дейінгі қашықтыққа, осы аймақты электрмен жабдықтаудың жалпы схемасына, қуатқа және тұтынушының аумақтық орналасуына, сенімділікке қойылатын талаптарға және т. б. байланысты.

Желілік схема мен конфигурацияны таңдау (форматтың үйлесімділігі) өте күрделі, өйткені желі сенімділік, пайдалану мен қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, экономикалық тиімділік және даму әлеуеті шарттарына сәйкес келуі керек.

Қосымша берілген мәндер:

$T_{max} = 4500$ сағ; $cos\varphi = 0{,}85$; $tg\varphi = 0{,}62$; Көктайғақ бойынша II-ші аудан.



1.1-сурет – Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы



1.2-сурет – Тұйықталмаған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы

Дипломдық жұмыста мен екі схеманы қарастырамын. Біріншісі тұйықталған (1.1–сурет), ал екіншісі тұйықталмаған (1.2–сурет) схемалар. Негізгі мақсат тұтынушыларға электр энергиясын үнемді және үздіксіз бөлінуін, өңірлер арасында электр энергиясының сенімді және тиімді таратылуын қамтамасыз ету. Осыған байланысты ең тиімді схеманы таңдау негізгі шарттардың бірі болып табылады. Ең қарапайым тұйықталған желі – айналмалы желі. Олар тек бір контурды құрайды. Оның артықшылығы мынада: желінің бір бөлігі үзілген кезде, желі басқа учаскеден қуат алуды жалғастырады, яғни тұтынушыға электр энергиясын таратудың жоғары сенімділігі қамтамасыз етіледі.

1.2 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желінің номиналды кернеуін таңдау күрделі техникалық және экономикалық есеп болып табылады. Бұл көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуі төмен желілік жабдықтар мен құрылымдардың құны төмен болады. Кернеуді арттыру арқылы қуат пен энергия шығыны азаяды, сонымен қатар электр желісін дамыту шарттары жақсарады.

Мен өзімнің дипломдық жұмысымда Стиллдың формуласына жүгіндім. Себебі, осы формула кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді.

Стилл формуласы бойынша номиналды кернеу осы формула бойынша анықталады:

$$U = 4{,}43 \cdot \sqrt{L + 16P}\ , кВ \qquad (1.1)$$

мұндағы U – желідегі кернеу, кВ;
l – желінің ұзындығы, км;
P – активті қуат, кВт.

$$U_1 = 4{,}43 \cdot \sqrt{100 + 16 \cdot 105} = 187 \text{ кВ},$$

$$U_2 = 4{,}43 \cdot \sqrt{80 + 16 \cdot 120} = 198 \text{ кВ},$$

$$U_3 = 4{,}43 \cdot \sqrt{110 + 16 \cdot 125} = 203 \text{ кВ},$$

$$U_4 = 4{,}43 \cdot \sqrt{120 + 16 \cdot 110} = 192 \text{ кВ},$$

$$U_5 = 4{,}43 \cdot \sqrt{80 + 16 \cdot 130} = 206 \text{ кВ}.$$

Содан кейін номиналды 220 кВ желілік кернеуді аламыз және кернеуді анықтағаннан кейін желінің реактивті және толық қуатын табамыз, біздің жағдайда активті қуат белгілі.

$$Q = P \cdot tg\varphi \text{ , МВар} \quad (1.2)$$

$$Q_1 = 105 \cdot 0{,}62 = 65 \text{ МВАр},$$

$$Q_2 = 120 \cdot 0{,}62 = 74 \text{ МВАр},$$

$$Q_3 = 125 \cdot 0{,}62 = 77 \text{ МВАр},$$

$$Q_4 = 110 \cdot 0{,}62 = 68 \text{ МВАр},$$

$$Q_5 = 130 \cdot 0{,}62 = 81 \text{ МВАр}.$$

$$S_{\text{н}} = \sqrt{P^2 + Q^2}, \text{ МВА} \quad (1.3)$$

мұндағы P – активті жүктеме, кВт;
Q – реактивті жүктеме, кВАр.

$$S_1 = \sqrt{105^2 + 65^2} = 123 \text{ МВА},$$

$$S_2 = \sqrt{120^2 + 74^2} = 141 \text{ МВА},$$

$$S_3 = \sqrt{125^2 + 77^2} = 147 \text{ МВА},$$

$$S_4 = \sqrt{110^2 + 68^2} = 129 \text{ МВА},$$

$$S_5 = \sqrt{130^2 + 81^2} = 153 \text{ МВА}.$$

1.3 Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау

Күштік трансформаторлардың типін және қуатын анықтау.
Қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{н}}}{1{,}4}, \quad (1.4)$$

мұндағы, $S_н$ – толық жүктеме, МВА.

Қосалқы станциялардағы жүктеме мен номиналды кернеу бойынша таңдалады.

№1, №4 қосалқы станциялар үшін:

$$S_{\text{тр1}} \geq \frac{123}{1{,}4} = 88 \text{ МВА}; \; S_{\text{тр4}} \geq \frac{129}{1{,}4} = 92 \text{ МВА}.$$

1.1–кестеде №1, №4 қосалқы станциялар үшін таңдалған ТРДЦН–100000/220 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

1.1-кесте – ТРДЦН-100000/220 типті трансформатордың параметрлері

$S_{ном}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_{х\%}$	$U_к$,%
	ВН	НН	$P_х$	$P_к$		
100	230	11	115	360	0,7	12

№2, №3 қосалқы станциялар үшін:

1.2–кестеде №2, №3 қосалқы станция үшін таңдалған ТДЦ–125000/220 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

1.2-кесте – ТДЦ-125000/220 типті трансформатордың параметрлері

$S_{ном}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_{х\%}$	$U_к$,%
	ВН	НН	$P_х$	$P_к$		
125	242	10,5	135	380	0,5	11

№5 қосалқы станция үшін:

1.3–кестеде №5 қосалқы станция үшін таңдалған АТДЦТН–125000/220/110 типті автотрансформатордың параметрлері көрсетілген.

1.3-кесте – АТДЦТН-125000/220/110 типті автотрансформатордың параметрлері

$S_{ном}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ			Активті шығындар, кВт		$I_х$ %	$U_к$,%		
	ВН	СН	НН	$P_х$	$P_к$				
125	230	121	11	65	305	0,5	11	45	28

1.4 Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу

Трансформаторлардың активті және реактивті қуат шығындарын келесі формула арқылы табамыз.

Трансформатордың активті меншікті кедергісі:

$$r_{\text{тр}} = \frac{P_{\text{к}} \cdot U_{\text{ном}}^2}{S_{\text{трн}}^2}\text{, Ом} \tag{1.5}$$

мұндағы $U_н$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;

$\Delta P_к$ – трансформатордың қысқа тұйықталу кезіндегі активті шығын, кВт;

Трансформатордың реактивті меншікті кедергісі:

$$x_{\text{тр}} = \frac{U_{\text{к}} \cdot U^2}{100 \cdot S_{\text{к}}}\text{, Ом} \tag{1.6}$$

$$\Delta Q = \frac{I_x \cdot S_{\text{трн}}}{100}\text{, МВАр} \tag{1.7}$$

мұндағы ΔP_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі активті шығын, кВт;

ΔQ_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі реактивті шығыны, квар;

I_x – трансформатордағы бос жүріс тоғы, %.

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot r_{\text{тр}}\text{, МВт} \tag{1.8}$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot x_{\text{тр}}\text{, МВАр} \tag{1.9}$$

мұндағы $U_н$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;

$r_{тр}$ – трансформатордың активті меншікті кедергісі, Ом;

$x_{тр}$ – трансфориатордың реактивті меншікті кедергісі, Ом.

№1 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТРДЦН-100000/220 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.3–суретте көрсетілген.

$$r_{\text{тр}} = \frac{0{,}36 \cdot 230^2}{100^2} = 1{,}9 \text{ Ом},$$

$$\text{x}_{\text{тр}} = \frac{12 \cdot 230^2}{100 \cdot 100} = 63{,}5 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{хх}} = \frac{0{,}7 \cdot 100}{100} = 0{,}7 \text{ МВАр},$$

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{105^2 + 65^2}{230^2} \cdot 1{,}9 = 0{,}5 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{105^2 + 65^2}{230^2} \cdot 63{,}5 = 18{,}3 \text{ МВАр}.$$

$$P_1^{`} + jQ_1^{`} = (105 + 0{,}5) + j(65 + 18{,}3) = 105{,}5 + j83{,}3$$

$$P_1 + jQ_1 = (105{,}5 + 0{,}115) + j(83{,}3 + 0{,}7) = 105{,}615 + j84$$

Параметрлері:



1.3-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

№2 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТДЦ-125000/220 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.4–суретте көрсетілген.

Параметрлері:



1.4-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

№3 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТДЦ-125000/220 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.5–суретте көрсетілген.

Параметрлері:



1.5-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

№4 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТРДЦН-100000/220 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.6–суретте көрсетілген.

Параметрлері:



1.6-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

№5 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: АТДЦТН-125000/220/110 автотрансформатордың алмастыру схемасы 1.7–суретте көрсетілген.

Параметрлері:

$$\Delta P_{\text{Н}} = \frac{52^2 + 32{,}4^2}{230^2} \cdot 3{,}2 = 0{,}23 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{Н}} = \frac{52^2 + 32{,}4^2}{230^2} \cdot 131 = 9{,}3 \text{ МВАр}.$$

$$\Delta P_{\text{С}} = \frac{78^2 + 48{,}6^2}{230^2} \cdot 0{,}48 = 0{,}08 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{С}} = \frac{78^2 + 48{,}6^2}{230^2} \cdot 0 = 0 \text{ МВАр}.$$

$$\Delta P_{\text{В}} = \frac{130{,}31^2 + 90{,}3^2}{230^2} \cdot 0{,}55 = 0{,}26 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{В}} = \frac{130{,}31^2 + 90{,}3^2}{230^2} \cdot 59{,}2 = 28{,}1 \text{ МВАр}.$$

$$P_5^{\text{Н}} + jQ_5^{\text{Н}} = (52 + 0{,}23) + j(32{,}4 + 9{,}3) = 52{,}23 + j41{,}7$$

$$P_5^{\text{С}} + jQ_5^{\text{С}} = (78 + 0{,}08) + j(48{,}6 + 0) = 78{,}08 + j48{,}6$$

$$P_5^{`} + jQ_5^{`} = (52{,}23 + 78{,}08) + j(41{,}7 + 48{,}6) = 130{,}31 + j90{,}3$$

$$P_5^{\text{В}} + jQ_5^{\text{В}} = (130{,}31 + 0{,}26) + j(90{,}3 + 28{,}1) = 130{,}57 + j118{,}4$$

$$P_5 + jQ_5 = (130{,}57 + 0{,}065) + j(118{,}4 + 0{,}625) = 130{,}635 + j119{,}025$$



1.7-сурет – Автотрансформатордың алмастыру схемасы

2 Тұйықталған жүйені есептеу

2.1 Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері

Қуат мәндері шамамен анықталады, өйткені желінің жекелеген бөліктеріндегі кедергілер жобалаудың бастапқы кезеңінде белгісіз болады. Радиалды желінің бас бөлігінің қуаты жеке тұтынушылардың қосындысымен анықталады, 2.1–суретте электр беріліс желісінің схемасы көрсетілген.

Тұйықталған желі жағдайында қуат таратылуының барлық учаскесіндегі қиманы бірдей деп алып, екі жақты қоректендіру желісі ретінде анықталады.



2.1-сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

$$P_A = \frac{\sum P \cdot l}{\sum l}\text{, МВт} \qquad (2.1)$$

мұндағы l – желінің ұзындығы, км.

$$P_A = \frac{130 \cdot (80 + 120 + 110 + 80 + 100) + 110 \cdot (120 + 110 + 80 + 100) +}{100 + 80 + 110 + 120 +}$$

$$\frac{+125 \cdot (110 + 80 + 100) + 120 \cdot (80 + 100) + 105 \cdot 100}{+80 + 100} = 300 \text{ МВт},$$

$$Q_A = 300 \cdot 0{,}62 = j186 \text{ МВАр}.$$

$$P`_A = \frac{\sum P` \cdot l}{\sum l}\text{, МВт} \qquad (2.2)$$

$$P_A^{`} = \frac{105 \cdot (80 + 110 + 120 + 80 + 100) + 120 \cdot (110 + 120 + 80 + 100) + 100 + 80 + 110 + 120 +}{+125 \cdot (120 + 80 + 100) + 110 \cdot (80 + 100) + 130 \cdot 100 +80 + 100} = 290 \text{ МВт},$$

$$Q_A^{`} = 290 \cdot 0{,}62 = j179 \text{ МВАр}.$$

$$P_A + P`_A = 300 + 290 \text{ МВт},$$

$$Q_A + Q`_A = 186 + 179 \text{ МВАр},$$

$$S_{1-2} = P`_A - Q`_A - S_2 \text{ , МВ}A \tag{2.3}$$

$$590 = 105 + 120 + 125 + 110 + 130,$$

$$365 = 65 + 74 + 77 + 68 + 81.$$

2.2 Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I = \frac{S}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{н}}}, A \tag{2.4}$$

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{\text{А}-1} = \frac{\sqrt{300^2 + 186^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 930\ A,$$

$$I_2 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{195^2 + 121^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 600\ A,$$

$$I_3 = I_{2-3} = \frac{\sqrt{75^2 + 47^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 230\ A,$$

$$I_4 = I_{3-4} = \frac{\sqrt{50^2 + 30^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 150\ A,$$

$$I_5 = I_{4-5} = \frac{\sqrt{160^2 + 98^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 490\ A,$$

$$I_6 = I_{5-A`} = \frac{\sqrt{290^2 + 179^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 890\ A.$$

Желілердегі есептік ток:

$$I_{\text{р}} = I_n \cdot \alpha_i \cdot \alpha_T, A, \qquad (2.5)$$

мұндағы I – желідегі ток, А; α [1]

j – тоқтың экономикалық тығыздығы [1].

$$I_{1p} = I_1 = 930 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 976{,}5\ A,$$

$$I_{2p} = I_2 = 600 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 630\ A,$$

$$I_{3p} = I_3 = 230 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 241{,}5\ A,$$

$$I_{4p} = I_4 = 150 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 157{,}5\ A,$$

$$I_{5p} = I_5 = 490 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 514{,}5\ A,$$

$$I_{6p} = I_6 = 890 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 934{,}5\ A.$$

Токтың экономикалық тығыздығына байланысты қиманы анықтаймыз [3]:

$$S_{\text{эк}} = \frac{I_p}{j_{\text{эк}}}\ , \text{мм}^2 \qquad (2.6)$$

мұндағы $j_{эк}$-ты анықтамадан аламыз, [1] ол ($j_{эк}$=1,5 А/мм) тең.

$$S_{\text{эк1}} = \frac{930}{1{,}5} = 620\ \text{мм}^2, \qquad 2 \times \text{АС} - 300/39,$$

$$S_{\text{эк2}} = \frac{600}{1{,}5} = 400\ \text{мм}^2, \qquad \text{АС} - 400/51,$$

$$S_{\text{эк3}} = \frac{230}{1{,}5} = 154\ \text{мм}^2, \qquad \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{эк4}} = \frac{150}{1{,}5} = 100\ \text{мм}^2, \qquad \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{эк5}} = \frac{490}{1{,}5} = 327\ \text{мм}^2, \qquad \text{АС} - 330/30,$$

$$S_{\text{эк6}} = \frac{890}{1{,}5} = 594\ \text{мм}^2, \qquad 2 \times \text{АС} - 300/39.$$

Сонымен болатты алюминийлі, яғни АС маркалы сымды таңдадым [2], олар төмендегі 2.1–кестеде көрсетілген.

2.1-кесте – Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы,км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тогы, кА	Ұзақ рұқсат етілген ток, кА
L_1	100	220	2АС-300/39	0,93	1,42
L_2	80	220	АС-400/51	0,6	0,825
L_3	110	220	АС-240/32	0,23	0,605
L_4	120	220	АС-240/32	0,15	0,605
L_5	80	220	АС-330/30	0,49	0,73
L_6	100	220	2АС-300/39	0,89	1,42

Желінің салыстырмалы параметрлерін анықтау.
Сымның арасындағы орта геометриялық арақашықтық осыған тең, [1].
220 кВ кернеу үшін:

$$D_{орт} = 6 \text{ м.}$$

Әр участок үшін желі параметрлерін анықтаймыз.
Желінің активті кедергісін есептеу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$R = r_0 \cdot l, \text{Ом} \tag{2.7}$$

мұндағы r_0 – меншікті активті кедергі, Ом/км;
l – желінің ұзындығы, км.

Желінің реактивті кедергісін есептеу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$x_0 = 0{,}144 \cdot log\left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}}\right) + 0{,}0157, \text{Ом/км} \tag{2.8}$$

$$X = x_0 \cdot l, \text{Ом} \tag{2.9}$$

Желінің реактивті өткізгіштігі келесідей есептеледі:

$$b_0 = \frac{7{,}58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(D_{орт}/r_{сым}\right)}, \text{См/км} \tag{2.10}$$

$$\text{B} = b_0 \cdot l, \text{См} \tag{2.11}$$

мұндағы x_0 – меншікті реактивті кедергі, Ом/км;

b_0 – меншікті реактивті өткізгіштік, См/км;
$D_{орт}$ – сымның орташа диаметрі, мм;
$r_{сым}$ – сымның радусы, мм.

Желі соңындағы зарядтық қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_c = U_{\text{ном}}^2 \cdot B, \text{МВАр} \tag{2.12}$$

Желідегі қуат шығындары:

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R, \text{МВт} \tag{2.13}$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X, \text{МВар} \tag{2.14}$$

$I_{A\text{-}1}$ участок үшін L1 желісі:
Сым маркасы: 2АС-300/39
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}098 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}5 \cdot 0{,}098 \cdot 100 = 4{,}9 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}144 \cdot log\left(\frac{600}{1{,}2}\right) + 0{,}0157 = 0{,}429 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}5 \cdot 0{,}429 \cdot 100 = 21{,}45 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7{,}58 \cdot 10^{-6}}{\lg(600/1{,}2)} = 2{,}64 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$\text{B} = 2 \cdot 2{,}64 \cdot 10^{-6} \cdot 100 = 5{,}28 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 5{,}28 \cdot 10^{-4} = 12{,}8 \text{ МВАр}.$$

$I_{1\text{-}2}$ участок үшін L2 желісі:
Сым маркасы: АС-400/51
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}075 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}075 \cdot 80 = 6 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}42 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}42 \cdot 80 = 33{,}6 \text{ Ом},$$

$$B = 2{,}7 \cdot 10^{-6} \cdot 80 = 2{,}16 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 2{,}16 \cdot 10^{-4} = 5{,}2 \text{ МВАр}.$$

$I_{2\text{-}3}$ участок үшін L3 желісі:
Сым маркасы: АС-240/32
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}121 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}121 \cdot 110 = 13{,}31 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}435 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}435 \cdot 110 = 47{,}85 \text{ Ом},$$

$$B = 2{,}6 \cdot 10^{-6} \cdot 110 = 2{,}86 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 2{,}86 \cdot 10^{-4} = 6{,}9 \text{ МВАр}.$$

$I_{3\text{-}4}$ участок үшін L4 желісі:
Сым маркасы: АС-240/32
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}121 \text{ Ом /км},$$

$$R = 0{,}121 \cdot 120 = 14{,}52 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}435 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}435 \cdot 120 = 52{,}2 \text{ Ом},$$

$$B = 2{,}6 \cdot 10^{-6} \cdot 120 = 3{,}12 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 3{,}12 \cdot 10^{-4} = 7{,}5 \text{ МВАр}.$$

$I_{4\text{-}5}$ участок үшін L5 желісі:
Сым маркасы: АС-330/30
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}0875 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}0875 \cdot 80 = 7 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}4 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}4 \cdot 80 = 32 \text{ Ом},$$

$$B = 2{,}8 \cdot 10^{-6} \cdot 80 = 2{,}24 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 2{,}24 \cdot 10^{-4} = 5{,}4 \text{ МВАр.}$$

$I_{5\text{-}A`}$ участок үшін L6 желісі:
Сым маркасы: 2АС-300/39
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}098 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}5 \cdot 0{,}098 \cdot 100 = 4{,}9 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}429 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}5 \cdot 0{,}429 \cdot 100 = 21{,}45 \text{ Ом},$$

$$\text{B} = 2 \cdot 2{,}64 \cdot 10^{-6} \cdot 100 = 5{,}28 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 5{,}28 \cdot 10^{-4} = 12{,}8 \text{ МВАр.}$$

2.3 Тұйықталған жүйе үшін желілердің қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы төменде 2.2–суретте көрсетілген.

L_1 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{310{,}15^2 + 231{,}725^2}{220^2} \cdot 4{,}9 = 15{,}2 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{310{,}15^2 + 231{,}725^2}{220^2} \cdot 21{,}45 = 66{,}43 \text{ МВАр.}$$

L_2 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{197{,}635^2 + 127{,}325^2}{220^2} \cdot 6 = 6{,}9 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{197{,}635^2 + 127{,}325^2}{220^2} \cdot 33{,}6 = 38{,}4 \text{ МВар.}$$

L_3 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{75^2 + 40{,}1^2}{220^2} \cdot 13{,}31 = 2 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{75^2 + 40{,}1^2}{220^2} \cdot 47{,}85 = 7{,}2 \text{ МВАр.}$$

L_4 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{50^2 + 22{,}5^2}{220^2} \cdot 14{,}52 = 0{,}9 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{50^2 + 22{,}5^2}{220^2} \cdot 52{,}2 = 3{,}3 \text{ МВАр.}$$

L_5 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{161{,}615^2 + 101{,}6^2}{220^2} \cdot 7 = 5{,}3 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{161{,}615^2 + 101{,}6^2}{220^2} \cdot 32 = 24{,}1 \text{ МВАр.}$$

L_6 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{297{,}55^2 + 226{,}525^2}{220^2} \cdot 4{,}9 = 14{,}2 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{297{,}55^2 + 226{,}525^2}{220^2} \cdot 21{,}45 = 62 \text{ МВАр.}$$



2.2-сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

3 Тұйықталмаған жүйені есептеу

3.1 Тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу

1.2–суретке сәйкес электр беріліс желісінің схемасы 3.1–суретте көрсетілген.



3.1-сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады.

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{A-1} = \frac{\sqrt{590^2 + 365^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 1820\ A,$$

$$I_2 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{485^2 + 300^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 1490\ A,$$

$$I_3 = I_{2-3} = \frac{\sqrt{365^2 + 226^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 1120\ A,$$

$$I_4 = I_{3-4} = \frac{\sqrt{240^2 + 149^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 740\ A,$$

$$I_5 = I_{4-5} = \frac{\sqrt{130^2 + 81^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 400\ A.$$

Желілердегі есептік ток:

$$I_{1p} = I_1 = 1820 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 1911\ A,$$

$$I_{2p} = I_2 = 1490 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 1564{,}5\ A,$$

$$I_{3p} = I_3 = 1120 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 1176\ A,$$

$$I_{4p} = I_4 = 740 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 777\ A,$$

$$I_{5p} = I_5 = 400 \cdot 1{,}05 \cdot 1 = 420\ A.$$

$$S_{эк1} = \frac{1820}{1{,}5} = 1213\ мм^2, \qquad 3 \times АС - 400/51,$$

$$S_{эк2} = \frac{1490}{1{,}5} = 993\ мм^2, \qquad 2 \times АС - 400/51,$$

$$S_{эк3} = \frac{1120}{1{,}5} = 747\ мм^2, \qquad 2 \times АС - 400/51,$$

$$S_{эк4} = \frac{740}{1{,}5} = 493\ мм^2, \qquad 2 \times АС - 240/32,$$

$$S_{эк5} = \frac{400}{1{,}5} = 267\ мм^2, \qquad АС - 240/32$$

Сонымен болат алюминий, яғни АС маркалы сымды таңдадым [2], олар төмендегі 3.1–кестеде көрсетілген.

3.1-кесте – Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тогы, кА	Ұзақ рұқсат етілген ток, кА
L_1	100	220	3АС-400/51	1,82	2,475
L_2	80	220	2АС-400/51	1,49	1,65
L_3	110	220	2АС-400/51	1,12	1,65
L_4	120	220	2АС-240/32	0,74	1,21
L_5	80	220	АС-240/32	0,4	0,605

I_{A-1} участок L_1 желісі:

Сым маркасы: 3АС-400/51

Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}075\ Ом/км,$$

$$R = \frac{0{,}075 \cdot 100}{3} = 2{,}5\ Ом,$$

$$x_0 = 0{,}144 \cdot log\left(\frac{600}{1{,}375}\right) + 0{,}0157 = 0{,}42\ Ом/км,$$

$$X = \frac{0{,}42 \cdot 100}{3} = 14\ Ом,$$

$$b_0 = \frac{7{,}58 \cdot 10^{-6}}{\lg(600/1{,}375)} = 2{,}7 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$\text{B} = 3 \cdot 2{,}7 \cdot 10^{-6} \cdot 100 = 8{,}1 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 8{,}1 \cdot 10^{-4} = 19{,}602 \text{ МВАр}.$$

$I_{1\text{-}2}$ участок үшін L_2 желісі:
Сым маркасы: 2АС-400/51
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}075 \text{ Ом/км},$$

$$R = \frac{0{,}075 \cdot 80}{2} = 3 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}42 \text{ Ом/км},$$

$$X = \frac{0{,}42 \cdot 80}{2} = 16{,}8 \text{ Ом},$$

$$\text{B} = 2 \cdot 2{,}7 \cdot 10^{-6} \cdot 80 = 4{,}32 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 4{,}32 \cdot 10^{-4} = 10{,}454 \text{ МВАр}.$$

$I_{2\text{-}3}$ тоғы үшін L3 желісі:
Сым маркасы: 2АС-400/51
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}075 \text{ Ом/км},$$

$$R = \frac{0{,}075 \cdot 110}{2} = 4{,}125 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}42 \text{ Ом/км},$$

$$X = \frac{0{,}42 \cdot 110}{2} = 23{,}1 \text{ Ом},$$

$$\text{B} = 2 \cdot 2{,}7 \cdot 10^{-6} \cdot 110 = 5{,}94 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 5{,}94 \cdot 10^{-4} = 14{,}375 \text{ МВАр}.$$

$I_{3\text{-}4}$ тоғы үшін L4 желісі:
Сым маркасы: 2АС-240/32
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}121 \text{ Ом/км},$$

$$R = \frac{0{,}121 \cdot 120}{2} = 7{,}26 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}435 \text{ Ом/км},$$

$$X = \frac{0{,}435 \cdot 120}{2} = 26{,}1 \text{ Ом},$$

$$\text{B} = 2 \cdot 2{,}6 \cdot 10^{-6} \cdot 120 = 6{,}24 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 6{,}24 \cdot 10^{-4} = 15{,}101 \text{ МВАр}.$$

$I_{4\text{-}5}$ тоғы үшін L5 желісі:
Сым маркасы: АС-240/32
Параметрлері:

$$r_0 = 0{,}121 \text{ Ом/км},$$

$$R = 0{,}121 \cdot 80 = 9{,}68 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0{,}435 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0{,}435 \cdot 80 = 34{,}8 \text{ Ом},$$

$$\text{B} = 2{,}6 \cdot 10^{-6} \cdot 80 = 2{,}08 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 2{,}08 \cdot 10^{-4} = 5{,}034 \text{ МВАр}.$$

3.2 Тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы төменде 3.2–суретте көрсетілген.

L_1 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{653{,}354^2 + 660{,}946^2}{220^2} \cdot 2{,}5 = 44{,}614 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{653{,}354^2 + 660{,}946^2}{220^2} \cdot 14 = 249{,}836 \text{ МВАр}.$$

L_2 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{518{,}789^2 + 444{,}881^2}{220^2} \cdot 3 = 28{,}95 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{518{,}789^2 + 444{,}881^2}{220^2} \cdot 16{,}8 = 162{,}121 \text{ МВАр.}$$

L_3 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{379{,}514^2 + 273{,}215^2}{220^2} \cdot 4{,}125 = 18{,}64 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{379{,}514^2 + 273{,}215^2}{220^2} \cdot 23{,}1 = 104{,}37 \text{ МВАр.}$$

L_4 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{241{,}249^2 + 160{,}832^2}{220^2} \cdot 7{,}26 = 12{,}61 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{241{,}249^2 + 160{,}832^2}{220^2} \cdot 26{,}1 = 45{,}334 \text{ МВАр.}$$

L_5 - желісіндегі шығындар:

$$\Delta P = \frac{130^2 + 75{,}966^2}{220^2} \cdot 9{,}68 = 4{,}534 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{130^2 + 75{,}966^2}{220^2} \cdot 34{,}8 = 16{,}301 \text{ МВАр.}$$



3.2-сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

4 Экономикалық бөлім

4.1 Техника-экономикалық есептеулер

Энергетикалық компанияның жекелеген тараптарының қызметін сипаттайтын тиімділік жүйесінің көрсеткіштері оны басқару сапасын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалар компания басшылығына, сондай-ақ электр энергиясын тұтынушыларға, реттеуші органдарға, қоғамдық ұйымдарға (қоршаған ортаны қорғаушыларға) және сыртқы инвесторларға қажет.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерге, ең алдымен, жобаның арзандығы, электр энергиясын бөлудің жоғары сенімділігі, объектінің өзін және оның кейбір бөліктерін ұзақ уақыт пайдалану, желінің номиналды кернеуінің мөлшері, электр сымдарына түсті металдардың шығыны жатады.

4.2 Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар

Сымдардың берілгендері және бағалары 4.1–кестеде көрсетілген.

4.1-кесте – Таңдалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы, млн.тг
L_1	100	220	2АС-300/39	Екітізбекті сым	28,96
L_2	80	220	АС-400/51	Біртізбекті сым	19,04
L_3	110	220	АС-240/32		16,8
L_4	120	220	АС-240/32		16,8
L_5	80	220	АС-330/30		17,28
L_6	100	220	2АС-300/39	Екітізбекті сым	28,96

$$K_л = K_{л1} + K_{л2} + K_{л3} + K_{л4} + K_{л5} + K_{л6}\text{, млн. тг} \qquad (4.1)$$

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_л = \sum K_0 \cdot l\text{, млн. тг} \qquad (4.2)$$

мұндағы $K_{л1}$ – желінің толық құны, тг;

K_0 – желінің құны, тг;

l – желінің ұзындығы, км.

$$K_л = 28{,}96 \cdot 100 + 19{,}04 \cdot 80 + 16{,}8 \cdot 110 + 16{,}8 \cdot 120 + 17{,}28 \cdot 80 + 28{,}96 \cdot \cdot 100 = 12561{,}6 \text{ млн. тг.}$$

5 қосалқы станция трансформаторларының бағалары 4.2–кестеде көрсетілген.

4.2-кесте – Таңдалған трансформатордың бағаларының берілгендері

Қосалқы станциясы	Трансформатор типі	Бағасы, млн.тг
№1	ТРДЦН-100000/220	176
№2	ТДЦ-125000/220	148,8
№3	ТДЦ-125000/220	148,8
№4	ТРДЦН-100000/220	176
№5	АТДЦТН-125000/220/110	160

$$K_{пс} = K_{пс1} + K_{пс2} + K_{пс3} + K_{пс4}\text{, млн. тг} \quad (4.3)$$

мұндағы $K_{пс}$ – қосалқы станцияның толық бағасы.

$$K_{пс} = (176 + 148{,}8 + 148{,}8 + 176 + 160) \cdot 2 + (68 + 68 + 68 + 68 + 68) \cdot 4 = = 2979{,}2 \text{ млн. тг.}$$

$$К = K_{пс} + K_л\text{, млн. тг} \quad (4.4)$$

$$К = 2979{,}2 + 12561{,}6 = 15540{,}8 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

$$И_т = И_{пс} + И_л + И_{\Delta w}\text{, млн. тг} \quad (4.5)$$

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесі формуламен есептейміз:

$$И_л = \frac{\alpha_а + \alpha_в}{100} \cdot К_л\text{, млн. тг} \quad (4.6)$$

мұндағы $\alpha_а$=2,4 [1]; $\alpha_в$=0,4 [1];

$$И_л = \frac{2{,}4 + 0{,}4}{100} \cdot 12561{,}6 = 351{,}7248 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды келесі формула арқылы есептейміз:

$$И_{пс} = \frac{\alpha_а + \alpha_р}{100} \cdot К_{пс}, млн. тг \quad (4.7)$$

мұндағы α_a=2 [1]; α_p=6,4 [1];

$$И_{пс} = \frac{2 + 6{,}4}{100} \cdot 2979{,}2 = 250{,}2528 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз. Максималдық жүктеменің жылдық сағаты T_{max}=4500 сағ.

$$\tau = \left(0{,}124 + \frac{T_{max}}{10000}\right)^2 \cdot 8760 = \left(0{,}124 + \frac{4500}{10000}\right)^2 \cdot 8760 = 5028{,}24 \text{ сағ.}$$

Желідегі активті қуаттың тұрақты шығыны:

$$\Delta P_{пост} = \Delta P_{xx} \cdot n \text{ , МВт} \quad (4.8)$$

$$\Delta P_{пост1;4} = 0{,}115 \cdot 2 = 0{,}23 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{пост2;3} = 0{,}135 \cdot 2 = 0{,}27 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{пост5} = 0{,}065 \cdot 2 = 0{,}13 \text{ МВт.}$$

Желідегі активті қуаттың айнымалы шығыны:

$$\Delta P_{max} = 3 \cdot I^2 R_{\Sigma} \text{ , МВт} \quad (4.9)$$

$$\Delta P_{max1} = 3 \cdot 0{,}93^2 \cdot (4{,}9 + 1{,}9/2) = 15{,}18 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max2} = 3 \cdot 0{,}6^2 \cdot (6 + 1{,}4/2) = 7{,}24 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max3} = 3 \cdot 0{,}23^2 \cdot (13{,}31 + 1{,}4/2) = 2{,}22 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max4} = 3 \cdot 0{,}15^2 \cdot (14{,}52 + 1{,}9/2) = 1{,}04 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max5} = 3 \cdot 0{,}49^2 \cdot (7 + 0{,}55/2) = 5{,}24 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max6} = 3 \cdot 0{,}89^2 \cdot 4{,}9 = 11{,}64 \text{ МВт.}$$

$$И_{\Delta w} = \beta \cdot (\tau \cdot \Delta P_{max} + 8760 \cdot \Delta P_{пост}) \text{ млн. тг} \quad (4.10)$$

$$И_{\Delta w1} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028{,}24 \cdot 15{,}18 + 8760 \cdot 0{,}23) = 117{,}5 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w2} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028{,}24 \cdot 7{,}24 + 8760 \cdot 0{,}27) = 58{,}1 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w3} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028{,}24 \cdot 2{,}22 + 8760 \cdot 0{,}27) = 20{,}3 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w4} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028{,}24 \cdot 1{,}04 + 8760 \cdot 0{,}23) = 10{,}9 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w5} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028{,}24 \cdot 5{,}24 + 8760 \cdot 0{,}13) = 41{,}2 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w6} = 1{,}5 \cdot 10^{-3} \cdot 5028{,}24 \cdot 11{,}64 = 87{,}8 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w} = 117{,}5 + 58{,}1 + 20{,}3 + 10{,}9 + 41{,}2 + 87{,}8 = 335{,}8 \text{ млн. тг}$$

$$И = 351{,}7248 + 250{,}2528 + 335{,}8 = 937{,}7776 \text{ млн. тг.}$$

1 жылдық келтірілген шығындарды есептейміз.

$$З_i = p_н \cdot \sum К + И \text{ млн. тг} \quad (4.11)$$

$$З_i = 0{,}15 \cdot 15540{,}8 + 937{,}7776 = 3268{,}8976 \text{ млн. тг.}$$

4.3 Тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар

Сымдардың берілгендері және бағалары 4.3–кестеде көрсетілген.

4.3-кесте – Таңдалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы, млн.тг
L_1	100	220	3АС-400/51	Үштізбекті сым	57,12
L_2	80	220	2АС-400/51	Екітізбекті	33,04
L_3	110	220	2АС-400/51		33,04
L_4	120	220	2АС-240/32	Екітізбекті	27,52
L_5	80	220	АС-240/32	Біртізбекті сым	16,8

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_л = 57{,}12 \cdot 100 + 33{,}04 \cdot 80 + 33{,}04 \cdot 110 + 27{,}52 \cdot 120 + 16{,}8 \cdot 80 =$$

$$= 16636 \text{ млн. тг.}$$

$$К = 2979{,}2 + 16636 = 19615{,}2 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесідей есептейміз:

$$И_л = \frac{2,4 + 0,4}{100} \cdot 16636 = 465,808 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығынын компенсациялауға кететін шығындарды келесідей анықтаймыз:

$$И_{пс} = \frac{2 + 6,4}{100} \cdot 2979,2 = 250,2528 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз:

$$\tau = \left(0,124 + \frac{4500}{10000}\right)^2 \cdot 8760 = 5028,24 \text{ сағ,}$$

Желідегі активті қуаттың тұрақты шығыны:

$$\Delta P_{пост1;4} = 0,115 \cdot 2 = 0,23 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{пост2;3} = 0,135 \cdot 2 = 0,27 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{пост5} = 0,065 \cdot 2 = 0,13 \text{ МВт.}$$

Желідегі активті қуаттың айнымалы шығыны:

$$\Delta P_{max1} = 3 \cdot 1,82^2 \cdot (2,5 + 1,9/2) = 34,28 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{max2} = 3 \cdot 1,49^2 \cdot (3 + 1,4/2) = 24,64 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{max3} = 3 \cdot 1,12^2 \cdot (4,125 + 1,4/2) = 18,16 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{max4} = 3 \cdot 0,74^2 \cdot (7,26 + 1,9/2) = 13,49 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{max5} = 3 \cdot 0,4^2 \cdot (9,68 + 0,55/2) = 4,78 \text{ МВт}$$

$$И_{\Delta w1} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028,24 \cdot 34,28 + 8760 \cdot 0,23) = 261,6 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w2} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028,24 \cdot 24,64 + 8760 \cdot 0,27) = 189,4 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w3} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028,24 \cdot 18,16 + 8760 \cdot 0,27) = 140,5 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w4} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028,24 \cdot 13,49 + 8760 \cdot 0,23) = 104,8 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w5} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (5028,24 \cdot 4,78 + 8760 \cdot 0,13) = 37,8 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w} = 261{,}6 + 189{,}4 + 140{,}5 + 104{,}8 + 37{,}8 = 734{,}1 \text{ млн. тг}$$

$$И = 465{,}808 + 250{,}2528 + 734{,}1 = 1450{,}1608 \text{ млн. тг.}$$

Жылдық келтірілген шығындарды есептейміз:

$$З_i = 0{,}15 \cdot 19615{,}2 + 1450{,}1608 = 4392{,}4408 \text{ млн. тг.}$$

Қорыта келгенде, технико-экономикалық есептеуге сүйене отыра тұйықталған жүйенің схемасын қолданған тиімді болатынын анықтап, тұйықталған жүйені таңдаймын.

5 Қысқа тұйықталу тогын есептеу

Қысқа тұйықталу тогын есептеу кезіндегі қолданылатын есептік схема 5.1–суретте келтірілген, ал алмастыру схемасы 5.2–суретте көрсетілген.





5.1-сурет – Есептік схема **5.2-сурет – Алмастыру схемасы**

Салыстырмалы бірлікте базистік қуат ретінде 100 МВ·А аламын. Әр қадам үшін базистік кернеуім 230 және 11 кВ тең деп алдым.

$$S_{КЗ} = \sqrt{3} \cdot 2 \cdot 220 = 762 \text{ МВА}$$

Жүйе кедергісі:

$$X_{с*} = \frac{S_б}{S_{КЗ}} \tag{5.1}$$

$$X_{с*} = \frac{100}{762} = 0{,}13$$

Желінің кедергісі:

$$X_{л*} = X_0 \cdot l \cdot \frac{S_б}{U_б^2}, \tag{5.2}$$

$$X_{л*} = 0{,}429 \cdot 100 \cdot \frac{100}{230^2} = 0{,}08\,.$$

Трансформаторлардың кедергісі:

$$X_{тр*} = \frac{U_k}{100} \cdot \frac{S_б}{S_{тр}}, \tag{5.3}$$

мұндағы U_k – трансформатордың қ.т. кернеуі %;
$U_б$ – трансформатордың базистік кернеуі %;
$S_б$ – трансформатордың базистік қуаты, МВ·А;
$S_{тр}$ – трансформатордың номинал қуаты, МВ·А.

$$X_{тр*} = \frac{12}{100} \cdot \frac{100}{100} = 0{,}12.$$

Қосынды кедергі:

$$X_{кос\ к1} = X_{с*} + X_{л*,} \tag{5.4}$$

$$X_{кос\ к1} = 0{,}13 + 0{,}08 = 0{,}21.$$

Базистік ток келесі формуламен анықталады, кА:

$$I_{б1} = \frac{S_{б1}}{U_{б1} \cdot \sqrt{3}}, \tag{5.5}$$

$$I_б = \frac{100}{230 \cdot \sqrt{3}} = 0{,}25 \text{ кА}.$$

К-1 нүктесіндегі қысқа тұйықталу тогын анықтайық:

$$I_{к1} = \frac{I_{б1}}{X_{кос\ к1}}, \tag{5.6}$$

$$I_{к1} = \frac{0{,}25}{0{,}21} = 1{,}19 \text{ кА}.$$

К-2 нүктесіндегі қысқа тұйықталу тогын анықтаймыз:

$$X_{кос\ к2} = X_{с*} + X_{л*} + X_{тр*}, \tag{5.7}$$

$$X_{кос\ к2} = 0{,}13 + 0{,}08 + 0{,}12 = 0{,}33,$$

